

**Д.Төленов атындағы орта мектебі бойынша 1-11 сыныптарда білім алып
жатқан аз қамтылған және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық
тамақпен қамтамасыз ету туралы**

30 тамыз 2024 жыл

Х А Т Т А М А №1

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: **Идркенова Талшын** - мектеп директоры

Комиссия мүшелері: **Отарғалиева Жазира** – қамқоршылық кеңес
төрайымы

Мұқашева Айнұр – бастауыш кәсіподақ ұйымының
төрайымы

Карабалина Жанаргүл – мектеп директорының ТІО

Тарабрина Оксана – шаруашылық меңгерушісі

Тулешова Майра – әлеуметтік педагог

Каженова Альфия – мектеп медбикесі

Күн тәртібі :

1. Қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан 1-11 сыныптарда оқитын және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау;

Тыңдалды:

1. *Тулешова Майра* – *әлеуметтік педагог.* **Қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан 1-11 сыныптарда оқитын және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;**

– Жаңа оқу жылында мектебімізде 698 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын басшылыққа ала отырып мектепшілік бұйрық шығарылды. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 396-ны құрап отыр. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 272 болса, 5-9-11 сынып оқушыларының саны 123-ті құрайды.

А. Каженова